



ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ МИССИОНЕРЛІК
MISSIONARY IN THE CONTEMPORARY WORLD
МИССИОНЕРСТВО В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Философия және саясаттану факультеті
Дінтану және мәдениеттану кафедрасы
"ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ МИССИОНЕРЛІК"

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

Алматы, 29 сәуір, 2015 ж.

Казахский национальный университет
имени аль-Фараби
Факультет философии и политологии
Кафедра религиоведения и культурологии

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
"МИССИОНЕРСТВО В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ"

Алматы, 29 апреля, 2015

Бейсенов Б., Укибаев А. Сунниттік бағыттағы мектептердің қалыптасуы мен даму жолдары.....	144
Азлархан Ж.А. Дәстүр мен діннің үйлесіміндегі ұлттық киім ерекшелігі.....	150
Сейтказиев Р.У. Діни білімнің жастар бойына қалыптастырар қасиеті көп.....	155
Шилькин Ю.И. Экуменизм разума.....	158
Аймухамбетов Т.Т. Правовые нормы в контексте регулирования государственно-конфессиональных отношений.....	164
Асқанбеков С. Қазақстандағы қазіргі қоғамдағы миссионерлік.....	167
Әбдіхамитов Б.Х. Орталық Азияға ислам дінінің таралуындағы сопылық рөлі.....	174
Бердалы Қобыланды Даосизм дінінің шығу тарихы мен ілімдік ерекшелігі.....	179
Байтенова Н.Ж., Арапат.А.М. Деструктивті діни ағымдардың өздеріне тарту әрекеттері және нәтижелері.	186
Байтенова Н.Ж., Рахмания.А.Р Қазақстандағы дәстүрлі емес діни ұйымдардың миссионерлік қызметінің көріністері мен нәтижелері.....	192
Байтенова Н.Ж., Ұлан М. ҚМДБ-ның қалыптасу тарихы мен қоғамдық қызметі.....	197
Ермуханова Х. К., Түркі дүниесінің рухани мәселелері.....	203
Борбасова Қ.М., Тулегенов А. Е. Қазақстандағы Орыс православ шіркеуінің қызметі.....	206
Жумақанова Б. Жарнама күнделікті мәдени коммуникация факторы ретінде.....	211
Борбасова Қ. М., Жумағұлова С.М. Семиотика ғылымының негіздемесі.....	218

Қадыров А. «Кемелдену» жолындағы буддалық тәжірибелердің ерекшелігі.....	222
Құрманалиева А.Д., Маликова А. Алматы агломерациясындағы діни үрдістерге миссионерліктің ықпалы..	228
Мадалиева Ж. К. Ұлтаралық қармы-қатынастар шеңберіндегі толараңғылық.....	232
Орынбекова А. Құрандағы этикалық ұғымдар мен түсініктер.....	237
Абжалов С.У., Мырзабаева К. Исмаилиттердің миссионерлік қызметі мен діни көзқарастары.....	243
Омаров Т., Мансуров Б. Ислам дініндегі күнә ұғымын білдіретін категориялар және олардың мәні..	249
Ғабитов Т.Х., Амирханов А. Жаһандану үрдісі мен әлеуметтік желілер.....	256
Исмағамбетова З.Н., Орманова А.Қ. Ғылыми фантастика феноменін зерттеу проблемалары.....	259
Саруар Али Исламдық қаржыландыруды дамыту негіздері.....	265
Ермекова Г.С. Геронтологиялық қатынастарды зерттеу негіздері.....	268
Сейтказиева А.Б., Жанбаева Ж.А. Дінің адам іс-әрекетіне қалыптастыратын ықпалы.....	273
Мамбетбаев Қ. Дін тарату мақсатында Мұхаммед пайғамбардың ел билеушілеріне жолдаған хаттарының маңызы.....	275
Саруар Али Ислам дініндегі зекет пен дияның орны.....	279
Шубаева У.Қ. Исламдық дәстүрден тыс діни ұйымдардың жұмыс жасау әдістері.....	282
Рысбекова Г.Е. Қазақстан жеріндегі миссионерлік бағыттың алғашқы пайда болу тарихы.	287

ҚХР, Тайванда, Сянганда және қытай эмигранттары арасында кең таралған Даосизмді күнделікті тұрмысқа енгізген діни синкретті топтар 1960 ж. ҚХР құдалауға ұшырады, бірақ 80 жж. бастан олар, әсіресе, шет аймақтарда өз ықпалын қалпына келтіруге талпынды.

- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. Әлем халықтарының мифтері. Энциклопедия. 2-том. - 605-606 бб., Әлемдік философиялық мұра. Қазіргі шығыс философиясы. 18-том. - Алматы, 2008.
 2. Артемьев А.И. Дигану. «Бастау» баспасы. - Алматы, 2008. - 227-242 бб.
 3. <http://war.ascsway.forum.24.ru> Шаг Юя.
 4. Вонг Е. Даосизм. Перевод Ю. Бушуевой. Издательство «Фанр-Пресс». - Москва: 2001. - 330 стр.
 5. Чжань Бо-дуань. Даосская алхимия. - «Петербургское Востоковедение», 2001.

Байтенова Н.Ж.,
әл-Фараби ат. ҚазҰУ
профессоры, филос.ғ.д.
Аранат.А.М.,
әл-Фараби ат. ҚазҰУ
магистранты.

Деструктивті діни ағымдардың өздеріне тарту әрекеттері және нәтижелері

Бүгінгі таңда елімізде ұлт аралық және конфессия аралық келісім орнығып, ел тұрғындары тату-тәтті өмір сүруде. Өрбір азаматқа Конституциямен сенім бостандығы беріліп, ар-ождан құқығы қорғалған. Осы құқықтың негізінде азаматтарымыз өз еркімен діни сенімге нанып, қалаған ғибадатын қылуға құқығы бар. Соңғы кездері елімізде дәстүрлі діни нанымдарымыз бен салт-санамызға сіңген діни көзқарастарға үйлеспейтін әртүрлі пікірлер мен ұстанымдар көрініс бере бастады. Өз кезегінде бұл ұлттық құндылықтарымызға да өзінің кері әсерін тигізуде. Бастапқыда көзімізге көрінген діндарлардың барлығына періштедей сеніп, солардан қалмай дін үйреніп, «діндар болғанның жөні осы» деп, жапшай дінге ұмтылу үрдісі жүрді. Кейіннен «жылтырағанның барлығының алтын емес» екендігіне көзіміз жете бастағаны жасырын емес. Қазақ халқы үшін дәстүрлі дін ретінде Ислам құндылықтарының күнделікті өмірде өз орнын алғаны белгілі. Қазіргі таңда осы, ежелден халқымыз дәріптеп, құрметтеген дінімізге де күдікпен қарайтын дәрежеге жеттік. Алғашқы кездері дін адамдары мен діни кітаптарды көргенде қуана да, құрметтей қарасақ, қазір үмітімізден күдігіміз басым болды. Бұған себепте жоқ емес.

Соңғы кездері діни реформа жасағысы келетін топтар шыға бастады. Олардың асыра сілтеуінше, ғасырлар бойы аталарымыз ұстанып, діни-рухани қажеттілігімізді атқарып келген дәстүрлі Ислам қате-міс! Пайғамбарға тарихи тұрғыдан жақын өмір сүріп, бізден гөрі дінге, Құдайға адалырақ болған, өзгенін емес, алдымен өз қателігіне баса назар аударған аталарымыз теріс жолда болған-мыс! Құдайға серік қосып, күпірлікке түсітті! Қазақтардың Исламы бидғатқа толып кетті. Оны тазалау керек екен!..

Сонда мынадай сұрақ туындайды: егер қанша ғасырдан бері ата-бабаларымыздың барлығы күнәһар болса, Құдайға серік қосса, барлығы да тозаққа кеткені ме?! Тозаққа немесе жұмаққа жіберу Құдайдың ғана қолында емес пе?! Сонымен қатар өздері мойындамайтын мәзаһыты ұстанатын мешіттерге келіп имамдардың артында тұрып намаз оқытаны тағы бар. Сонда бұлардың қарсылығы діни сенімге қатысты емес сияқты болып та көрінеді.

Тәуелсіз Қазақстанның қысқа ғана тарихында еліміздің дін саласы көптеген өзгерістерге ұшырады. Діннің атын жамылған ағымдар мен топтар діни сауаты аз азаматтарымызды өз қармақтарына түсіріп, тіпті өздеріне белсенді жақтасақ айналдырып, өзімізге қарсы қойып үлгерді. Енді өз отандаспымызбен, отбасымыздың мүшесімен, ағайынымызбен тартысқа түсетін халге жеттік. Сол себепті бүлдіргі топтар мен ағымдарды деструктивті (бұл сөз латын тілінен аударғанда «құлату»), «қалыптасқан жүйені бұзу» деген мағынаны білдіреді) яки теріс пиғылды деп атаймыз. Алайда бұл ағымдағылар өздерін шынайы діндар және ақиқат жолындағылар ретінде санайтындықтан, олардың қатары әлі де болса көбею үстінде. Халқымыз «іштен шыққан жау жаман» демекші, мұндай көзқарасты ұстанушылар Исламның атын жамылатындықтан, тек қана атын жамылу емес, тіпті діни мәтіндерден (Құран және хадис) өздерінің істеріне дәлел келтіретіндіктен, олармен күрес басқа жат діни ағымдармен күресуден қарағанда өте күрделі және нәтижесі барынша төмен.

Қазір еліміздің дін саласында елеулі өзгерістер орын алып, діни бірлестіктер қайта тіркеуден өтіп, діни ағымдар мен бірлестіктер санында біршама азаю байқалды. Дегенмен, қоғам алдындағы өзекті мәселелердің бірі – Қазақстан аумағында жағымсыз әсерін таратып отырған деструктивті ағымдардың іс-әрекеттеріне тосқауыл болу барынша күрделі және қиын болып отыр деуге болады. Олай болатыны – деструктивті ағымдар мен олардың пікірін ұстанушыларды бақылау немесе олармен диалогқа келу мәселесінің күрделілігі.

Себебі, біріншіден, теріс пиғылды бағытты ұстанушылар мемлекет қызметкері мен дәстүрлі діннің идеясын жақтаушыларды мойындамайды. Яғни, өздерін «шынайы діндарлармыз, басқалар аласқандар» деп санағандықтан, олармен сұхбаттасуды орынды деп санамайды. Екіншіден, деструктивті көзқарасты ұстанушылардың көбінесе нақты бір мекемеде жұмыс істемейтіндігіне байланысты оларды міндетті дін тақырыбындағы пікірталаста, болмаса кездесулерде көру барынша қиын. Тіпті діни және мемлекеттік қызметкерлермен кездесу бола қалған күннің өзінде олар қатыспауға тырысады. Бірақ сенім бостандығы құқығын желеу етіп, жұрттың сенімін алдайтын діни ағымдар да кездеседі. Біз бұл ағымдарды «деструктивті діни ағымдар» деп атаймыз.

Деструктивті (бұл сөз «бүлдіргіш» деген мағынаны білдіреді) діни ағымдар – азаматтарымыздың құқықтарын бұзатын, оларға психологиялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, зиянын тигізетін діни ағымдар. Олардың ортақ сипаты – діни ілімінің ақиқаттылық деңгейінен емес, оған мүше адамдардың қоршаған әлеуметтік ортадан оқшаулануы мен жетекшілік еткен азаматтарға көзсіз бағынуынан көрінеді.

Кейбір деструктивті діни ағым мүшелері отансүйгіштік, ұлтжандылық сезімдерін бағаламай, мемлекеттік рәміздерді мойындамай, әскери борышқа салғырт қарайды. Тіпті білікті дәрігерлердің көмегіне жүгінуден бас тартып,

балаларының зайырлы білім алуына қарсылық көрсететіндері де бар. Деструктивтілікті анықтайтын бұл тізімді жалғастыра беруге болады.

Бүгінгі таңда елімізде ақпарат құралдарынан беріліп отырған деструктивті діни ағымдардың қызметі жайлы мәліметтерге көңіл аудару азаматтық міндетіміз болып есептеледі. Деструктивті діни ағымдардың қызметі тек жеке азаматтардың өміріне ғана зардабын тигізіп қоймай, еліміздің ішкі тұрақтылығы мен ұлтаралық және конфессияаралық келісім саясатына да зардабын тигізуде.

Елімізде адамның әлеуметтік өмірі мен негізгі әлеуметтік институттарға кесірін тигізіп отырған осындай ағымдардың қызметіне тыйым салынған. Сенушілердің санасын ұлап, оларды өз қатарларында ұстауда психологиялық тәсілдерге жүгініп жат ағымдардың қызметіне тосқауыл қою – әлеуметтің саулығы үшін маңызды мәселе. Осы себепті халықты деструктивті діни ағымдардан сақтандыру қамында бұл ағымдардың жұмыс істеу амалдарын, әлеуметтік және отбасылық өмірге келтіретін зардаптарын деструктивті діни ағымға баулаудан бастап қысқаша көрсете кетуді жөн санадық.

Қазіргі таңда жұртшылықты өз қатарына тарту үшін деструктивті діни ағымдар тарапынан жаппай гипноз, физикалық күш қолдану секілді әлеуметтің қарсылығын тудыратын әдіс-тәсілдер қолданылмайды. Өйткені, жастарды құрылған торға түсіруге деструктивті діни ағымдарға психологиялық баурау мен әлеуметтік топтасу әдістері де жеткілікті.

Деструктивті діни ағымдар өздерінің болашақ ерушілерін аса білгірлекпен тандап алады. Олар Сізді өзінің ағымына шақырмас бұрын жинақталған тәжірибеге сүйенеді. Сіздің әлеуметтік жағдайыңыз, отбасылық әлеуетіңіз, басыңыздағы мал-мүлік, барлығы да есепке алынады. Осы жинақталған ақпараттардың негізінде деструктивті ағымның мүшесі болуға сәйкестігіңіз қаралады.

Деструктивті діни ағымдарға азаматтарымыздың мүшелікке енуінің себептерін төмендегідей:

- ақпараттық кеңістікте сараланбаған ақпараттың көптігінен туындаған салғырттық;
- ақпараттың көптігінен жүйелі шешім шығаруға қабілетсіздік;
- қордаланған әлеуметтік мәселелердің жиынтығы;
- әлеуметтік өмірдің психо-физиологиялық ауыртпалығы;
- саналы ойлауға жүгінуге қабілетсіздік;
- азаматтардың өз өміріне мағына беруге талпынысынан саналы түрде бас тартуларға баруы.

Осы себептер анықталған соң деструктивті діни ағымға тарту әрекеттері басталады. Бұл әрекеттер белгілі бір әдіс-тәсілдердің қолдануынан көрінеді. Бұл әдістер қарапайым, қолданыста тиімді және адамның үш қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған. Яғни: адамның әлеуметтік топтасуға қажеттілігі, құрылым ішіндегі беделді болуға талпынысы және қоршаған ортаға деген маңыздылығы. Адамның осы үш қажеттілігінен туындаған тәсілдер деструктивті діни ағымдардың сізді өз қатарына оңай баурауының құралы.

Қазіргі әлеуметтік ортада, оның ішінде қалалық өмірге жалғыздық мәселесі өзекті¹. Жалғыздықты сезінген жас буын өкілдері, қызметтік өсуді, басқа да материалдық игіліктерді басшылыққа алған орта буын өкілдері, үйде отырған қарт адамдар әлеуметтен ашақтап кеткендігін айтады. Дәстүрлі өмір салтын

ұстанатын отбасылардың өзінде де әлеуметтік өмірдің күйбелеңінен жақын адамдарға уақыт бөлінбей жатады. Осы кезде адамдарда әлеуметтік топтасуға деген қажеттілік туындайды. Бұл қажеттілікті өз кезегінде деструктивті діни ағым өкілдері тиімді қолданады.

Әлеуметтік топтасуға деген қажеттілік – өзге адамдармен эмоционалды қарым-қатынас құрудан өзгеше дүние. Адам әлеуметтік ортамен берік қарым қатынас пен топқа деген адалдықты қажетсінеді. Деструктивті ағым басшылары осы қажеттілікті жақсы біледі, «махаббатпен, жылылықпен» баурайды². Сізді өзінің «достығын» ұсынған, «стындайтын», «түсінетін» адамдар қоршай бастайды. Бұл ағымның мүшелігіне енгеніңізді құтталып, мадақтау сөздерді ести бастайсыз. Осы секілді қолдау әрекеттері ағымға мүшелікке жаңа енген адамдарға ұнағаны соншалық, кейде олар отбасыларынан, достарынан да бас тартып жатады.

Деструктивті ағымдар тек баурап қана қоймай, қорғаныш сезімін ұялату үшін өзге де тәсілдерді қолдануға көшеді. Олар кірген күннен бастап сізге жанама тыйымдарды қолдану арқылы өздерінің сырт ортаның зиянынан қорғайтындықтарын көрсетеді. Олар бұған дейін сіз өзіңізді әлеуметтік ортадан іздеп, әлем жайлы көзқарас ұсынады. Бұған дейін сіз өзіңізді «жүйелі» көзқарас қалыптастыратын сан қырлы болжамдар түзесіз, енді сізде «жүйелі» көзқарас қалыптастыратын орта пайда болады. Олар сіздің әрекеттеріңіздің жүйеленуін талап етеді. Топ ішіндегі тәртіпке көңілдігіңіз үшін олар жасырын түрде діни гибдатқа қызмет етуге арналған еңбекті талап етеді.

Деструктивті діни ағымдардың бұл әрекеттерінің барлығы сізді отбасыңыздан бас тартуға әкеледі. Отбасының шынайы махаббатын сізден пайда көруді көздеген деструктивті діни ағымның алдамшы махаббатына айырбастауды жөн көресіз. Ішкі сезіміңізбен қандай қиындықта болмасын алғашқы болып көмекке келетін отбасыңыздың мүшелері екенін біле тұра деструктивті діни ағымның ұсынған алдамшы махаббатына алданысыз. Деструктивті діни ағым өкілдері ұсынған осы алдамшы махаббат кейін сізді жиган мүлкіңіз, тұрғын үйіңіз секілді игіліктеріңізбен қатар жақындарыңыздан бас тартуыңызға әкеледі.

Деструктивті діни ағым өкілі болған кезіңізде сізге екінші әдіс-тәсіл қолданылады. Олар көбіне қатар жүретін екі тәсіл, яғни мүшенің ағым ішіндегі беделі және ағымға деген маңыздылық. Бұл тәсілдер деструктивті діни ағымдардағы «Біздің барлық жылылығымыз бен достығымыз – ұйым мүшелеріне» деген ұстанымнан көрінеді. Ұйым мүшелеріне әрдайым қолдау сөздері, сіздің дұрыс таңдау жасағаныңыз, дұрыс жолда жүргендігіңіз айтылады. Бұл мадақтауларға елтіген сіз өзіңіздің маңыздылығыңызды сезініп, осы ағымның сан салалы қызметіне араласа бастайсыз. Жылылық танытып, махаббатын сыйлаған ағымның сізді пайда көру құралы ретінде ғана көріп жүргеніне еш көңіл аудармайсыз.

Деструктивті діни ағымның әлеуметтік өмірге келтіретін зардабы жоғарыдағы мәселелермен шектелмейді. Деструктивті діни ағымдарда «біз және олар» деген қатаң бөлісу бар. Олардың пікірі бойынша өз ағымына жатпайтын азаматтардың барлығы «адасқандар», тура жолдан тайғандар немесе «шайтан қызметкерлері» болып табылады. Көбіне деструктивті діни ағым мүшелері үшін «біз» нақты адамдарды бейнелесе, «олар» адам санатына енбей қалғандар іспеттес. Осы

себеппі деструктивті ағым мүшелігінен тысқары қалған сіздің отбасыңыздың мүшелері де оларға адам емес, «адасқан» сипатын алады. Деструктивті діни ағымда пікірдің жан-жақтылығы мойындалмайды. Олар үшін «ақиқат» жалғыз, ол өз ағымның ұстанатын ілімі. Осы секілді ұстанымдар арқылы сіздің отбасылық қарым-қатынасыңыз, отбасыңызда өткен жылдардың барлығын қаламның бір сызуымен өшіріп тастауға тырысады.

Осы себеппі деструктивті діни ағымдарда «екіжақты» ұстаным³ кездеседі. Махаббат, жылылық, шынайылық тек «біз» санатындағы адамдарға қолданылады. Осы себеппі, сіз деструктивті діни ағым мүшелігіне ене отыра отбасыңызға, достарыңызға, әлеуметтік ортаға көңіл бөлуден қаласыз. Бұл сіздің тек отбасыңызға, достарыңызға, әлеуметтік ортаға деген көзқарастарыңызды ғана өзгертіп қоймай, сүйікті қызметіңізден, күнделікті өмір салтыңыздан бас тартуыңызға әкеледі. Деструктивті діни ағымдарды зерттеген ғалымдар бұл «сананы қадағалау»⁴ әдістерінен туындаған деп санайды.

Сіз өзіңіздің деструктивті ағым мүшелігінде жүргеніңізді білмеуіңіз де мүмкін. Өйткені бұл ағымдарда мүшелерінің әлеуметтік ортадан ақпарат алуы, өзге адамдармен ақпарат алмасуы, ой бөлісуі секілді адами іс-әрекеттер тыйым салынған. Көбіне бұл ағымдар ерушілердің ағымнан «сырт» әлеммен қарым-қатынасына тыйым салудың тәсілдерін меңгерген. Ағым мүшелеріне сырт ортамен қарым-қатынастың жағымсыз екендігі ұқтырылады. Бұл кейін ағым мүшелерінде фобия секілді психикалық зардаптарын да тигізіп жатады. Тіпті деструктивті діни ағымдарда ақпарат материалдары да «ішкі» қолданысқа және «сыртқы» қолданысқа арналған әдебиеттері болып бөлінеді. Ішкі қолданысқа арналған әдебиетте жаңа мүшені тарту барысында қолданылмайды. Бұл ағым жайлы ақпаратты жасырып қалу үшін қолданылады.

Қазіргі таңда елімізде «экстремистік» деп танылып, тыйым салынған ағымдар мен ұйымдардың ұзын саны 18-ге жетті. Осы ағымдардың басым көпшілігі Ислам елдерінде жұмыс жасайтын ұйымдар мен Ислам атын жамылған қозғалыстар.

Қазақстанның жауапты органдарының, Ұлттық қауіпсіздік органдарының мәліметтеріне қарағанда, діни-саяси экстремизм және фанатизм Қазақстанда да бар, ал бұл әрекеттердің өкілдері 81 хизбутшылар мен «Мұсылман бауырлар» ассоциациясы. Бұл жағдай Қазақстан Республикасының Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бас болып басқа да мемлекет адамдарның әрекет етуіне түрткі болып, шара қолдануға мәжбүр етті. Сондай-ақ елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Сындарлы он жыл» атты кітабында бұл жөнінде былай айтады: «Фундаменталистер мен экстремистердің мақсаты – Қазақстанның мұсылман халқы. Осы орайда Қазақстанда үш мыңнан астам діни топтардың, 40-тан аса діни ағымдардың ұйрығымен «Терроризммен күрес жүргізу ұйымы» атты ұйым ұйымдастырылды. Сонымен қатар Н. Ә. Назарбаев, тәуелсіздіктің 11 жылдығын құттықтау шаралары шеңберінде жасалған Облыс әкімдері Мемлекеттік Кеңесінде ел үшін маңызды мәселелердің бірі «діни ұйымдар және олардың өкілдерінің жүргізген жұмыстарының ұлттық қауіпсіздік күштері тарапынан қатаң бақылауға алынуды» керектігін айтты. Елімізде «Хизбут Тахрир», «Таблиги жамағат» сияқты радикалды ұйымдардың өкілдері көбейді. Олар насихаттап жүрген Конституциямызға қарсы уағыздар қазір қазақстандықтарға таңсық болудан қалды. Егер де жоғарыда аталған

радикалды ұйымдар дәл осы қарқынмен тарала берсе, ол Қазақстан халқының ортақ мемлекеттік мәдениетке бірігуіне, демократиялық реформалардың халық санасында орнығуына үлкен кедергі болды. Сондықтан Қазақстан халықтарының индустриялық қоғам құрып, ортақ мемлекеттік мәдениетке бірігуі үшін ең алдымен бұған кедергі болатын діни фундаментализмнің табиғатын анықтап, теократиялық елдердегі ортодоксальді исламның ерекшеліктерін байыптауымыз керек.

Әлем елдері қазір түрлі ағымдар адамдардың санасын жаулау арқылы екі түрлі мақсатты көздейтін мойындап отыр. Біріншісі – мол пайда табу, заңсыз қару-жарақ пен есірткі тасымалы болса, екіншісі – мемлекет мүддесіне нұқсан келтіру арқылы билікті басып алу. Олай болатыны, аталмыш ағымдардың онсыз да мұсылман елдерінде және бейкүнә адамдар мен қорғаныс күштеріне қарсы күрес жүргізуі болып отыр. Бұл өз кезегінде үлкен қайшылық болып табылады.

Дін мен мемлекеттің шынайы түйісер жері – адамның рухани дүниесі, ұлттық мәдениеттің бірлігі, бүкіл қазақстандықтардың түсіністігі мен келісімді тірлігі, елдің тұтастығы, тәуелсіздігіміздің тұғырлы бола түсуі. Бұл бағытта ізгілік пен имандылықтың, ұлттық иммунитетті күшейтудің рухани арқауы болған дәстүрлі ислам діни екендігі ертеден анық.

Қорытындылай келе деструктивті ұйымдарға қарсы күрестің бірден бір жолы – олар туралы көптеген кітаптар, фильмдер және жастардың ғаламтор беттерін көптеп пайдалануына байланысты сол экстремистік ағымдар туралы көптеген бейнероликтерді қою керек. Дәстүрлі дініміз – Ислам туралы көптеп мағлұмат беру керек. Ислам – бұл өз-өзің Құдайдың жолында жарып жіберу емес, керісінше басқа адамдарды аман алып қалу екенін көрсету керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ю. Солозобов. Город как деструктивный культ.
2. Байтенова Н. Ж. Қазіргі дәстүрден тыс діни қозғалыстар мен культтер. Алматы-2009ж.
3. Т. Лири. «Технология изменения сознания в деструктивных культах». СПб: «Экслибрис», 2002. — 224 с.
4. Н. Назарбаев. Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты. Астана, 2008ж.
5. Әбсәттар кижы Дербісалі. Ислам және заман. Алматы-2003ж.
6. Волков Е.Н. Основные модели контроля сознания (реформирования мышления)
7. Журнал практического психолога. М.: Фоллум, 1996. № 5.
8. Т. Лири. «Технология изменения сознания в деструктивных культах». СПб: «Экслибрис», 2002. — 224 с.
9. Абуов А. П., Смагулов Е. М. «Қазақстандағы діндер» АСТАНА, - 2011, -225
10. Агенттік төрағасы Қ. Лама Шариғтің Қазақстан дінтанушыларының II форумында сөйлеген сөзі Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессиялық қатынастар: проблемалары мен болашағы - http://www.din.gov.kz/kaz/press-sluzhba/doklady_i_vystupleniya/
11. Абдрахманов С.: «Еркіндік сенімі бәрине рұқсат етілген емес» <http://www.din.gov.kz/rus/press-sluzhba/publikaci>
12. Новикова Г. «Құрақтық механика деструктивті ілімдерден қорғау» <http://www.din.gov.kz/rus/press-sluzhba/publikaci>
13. Песейдегі діндер тарихы: Учебник /Под общ. ред. Н. А.Трофимчука. – М.: Изд-во РАГС, 2002. -592 с.